



# АҚУҚАТ

ҰЛТТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ - СЯСИ ЖУРНАЛ

## Дін және ұлттық дәстүр

Амангелді Айталы,  
философия ғылымдарының  
докторы, профессор

### Дінсіз ұлт – ұлтсыз дін болмайды

Әлемдік діндер (буддизм, христиандық, ислам) о бастан ұлттан жоғары тұратын, белгілі бір ұлтқа арнайы жіберілмеген құндылықтар. Бірақ, дін әр ұлттың психологиясымен, тарихымен, дәстүрімен тығыз байланыста болады, ұлт дінді өзінің ерекшелігі тұрғысынан санадан өткізді. Дін де ұлттық мәдениетке, психологияға өз ізін, қалыбын салды. Сондықтан, дәстүрлі дін адамның сана-сезімі мен дүниетанымына ең жақын, ең түсінікті ететін, оның адами, мәдени қасиеттерін, табиғат танымын тұтастай бір құндылыққа айналдырады. Дәстүрлі діншілдік әр ұлттың салт-дәстүрлерімен терең байланысты, тарихи қалыптасқан тұрмысына тамырын жайған. Қазақтың дәстүрлі діндарлығы Жаратушыны ақиқат деп қабылдаған, шынайы адалдықтан, ішкі түйсігінен туған сенім. Тағатшылық, қайырымдылық, жанашырлық, кешірімділік, табиғатты сыйлау Алла-тағаланың құдіретіндей тұтас қазақ этносының және жеке адамның тіршілігінің амалына айналған. Дәстүрлі діндарлық ұлттың психологиясын, мәдениетін, тұрмысын тұтастай болмысын реттеп әлеумет ретінде басын біріктірді, оны талай дағдарыстан, ішкі, сыртқы қауіп-қатерден, кездейсоқ уақиғалардан сақтайды, қорғайды. Аштық, соғыстар мен қуғын-сүргінде қазақ ауыртпашылықты ел болып басынан бірге өткізген. Қазақтың мәдениеті жеке басының мүддесі емес, қауымдастықтың мүддесіне, тілектестігіне негізделген. Философиялық тілмен айтсақ, дәстүрлі діни таным теориялық қағидалардан гөрі күнделікті дағдысына, наным-сенімге негізделген. Ол тұрақтылықтың, бүгінгі мына құбылмалы заманда баянды өмірдің кепілі. Қазаққа аштықтан, жалаңаштықтан гөрі жалғыздық батады, жалғыздыққа шыдай алмайды. Бүгін ғылым, білім, интернет заманында дәстүрлі наным-сенім бірте-бірте босаңсып, ақпараттық заман қауіп төндіре бастады. Жаһандану заманы дәстүрлі наным-сенімнің түп негізі, этностық болмыстың тұтастығын, этнопсихологиялық іштей байланысын ыдыратып, ұрпақтар жалғасуының үзілуіне әкелуі де мүмкін. Сонымен бірге, посткеңестік мұсылман елдерінде, жалпы мұсылмандар арасында дін мен ұлттық дәстүр, дүниетаным мәселесі жаңа өткір сипат алды. Ғылыми әдебиетте 1980 жылдардың аяғы мен 1990 жылдар исламның «қайта жаңару», 70 жылдық атеизм үстемдігінен кейін тарихи дәстүрлерді жаңарту кезеңі деп аталынады. Бірақ, ХХІ ғасырдың басында «Қайта жаңарған ислам» революцияға дейінгі канондардан ерекше болатындығы белгілі бола бастады. «Исламдық жаһандану», еуроислам ұғымдары өмірге келді. Түркі рухани кеңістігінің бұрынғы кеңестік аймақтарына исламның арабтық версиясы, қағидалары, шарифат үкімдері ене түсті. Шығыс ислам рухани ұстаздары мен уағыздаушылары, шет елдерде

білім алған жас имамдар, молдалар бабалар дәстүрлерін қайта қарап, нағыз, шынайы дін үлгісін сырттан іздеді. Исламның арабтық моделін неофиттер, жаңа бағытты уағыздаушылар, діни ақиқат деп таныды. Сонымен, конфессияшілік қайшылық бүгін алға шықты. Ұлттық дәстүр мен дін арасына жік салушылар көбейді.

### Социализм тұсындағы дін мен ұлттық дәстүр

Исламның арабтық моделін тықпалаудың астарында терең тарихи себептер жатырғандығы анық. Социалистік елдер атеистік бағыт ұстанғанымен, мемлекет пен діндер арасындағы қарым-қатынас оларды бірдей, бір үлгіде болмады. Мысалы, Польшада социализм тұсында діни ахуал өзгеше болды. Католик шіркеуі алғашқы жылдары коммунистерді өзінің ықпалына икемдеді. Діни ұйымдарды поляк халқы да қолдады. Себебі, күнделікті тұрмыс-салттары да діни наным-сенімдерге негізделген. Польшаның жұмысшы партиясы өзінің дінге бейтараптығын, шіркеудің ісіне араласпайтындығын және шіркеудің қоғамдағы маңызын мойындайтындығын мәлімдеді. Президент өз лауазымына кірісер алдында ант бергенде «Құдай мені қолдасын» деп айту міндетті болды. Еркін ой мен діни сенім бостандығын мойындаған саяси жүйені өз кезегінде шіркеу де мойындады. Бірақ, бірте-бірте коммунистер дін мен шіркеуге қарсы белсенді қимылдар бастады. Алдымен оқу орындарында дінді оқытуға арналған сабақтар азайтылды, кейін тіпті дінді оқытуға тыйым салды. Шіркеулерде діни уағыздар шектеле бастады. Шоқыну, діни дәстүрлердегі мерекелері тойлау мен адамдарды жерлеуге қатысатын қайраткерлер қудалана бастады. Совет үкіметіндегідей жастар арасында атеистік тәрбиеге зор мән берілді. Коммунистік саясат дінді әшкерелеуге тырысып, оның тарихында тек қанаушы таптың қолдаушысы болды деген пікір таратты. Священниктерге саяси және тұрмысқа байланысты айыптар тағылды. Сонымен бірге, алдау, арбау саясаты да жүзеге асты, священниктерді әртүрлі патриоттық ұйымдарға тартып, бөле бастады. Сондай-ақ, прогресшіл діни қызметкерлер «Пане» журнал редакциясының төңірегінде топтастырылды. Католиктердің басым тобы мемлекетке аса зор үміт артпағанмен, шіркеу мен билік арасындағы қарым-қатынас реттеледі деп сенді.

Польша католик шіркеуі халықаралық саясатқа да араласты. Польша коммунистері поляк халқын неміс қаупінен сақтандырып, Совет Одағымен тығыз байланысқа шақырды, себебі, немістер арасында соғыстан кейінгі герман-поляк шекарасын мойындамайтындар болды. Ал, неміс протестанттары болса, екінші дүниежүзілік соғысынан кейінгі ахуалды мойындауға тырысты. Христиан дінінің кешірімділік рухына сай, епископ – поляктар неміс фашистерінің қылмысын кешіреміз деді. Коммунистер епископтарды сатқындар деп айыптады. Кейіннен католиктерді поляктардың басым көпшілігі қолдайтыны белгілі болды. 1966 жылы христиандықтың мыңжылдығын (Millenum) католиктер салтанатты түрде атап өтті, бірақ, мемлекет оған қарсы тұра алмады, тек христиандықтың маңызын, мерекенің

мәнін төмендетуге тырысты. Сөйте тұра коммунистер поляк мемлекетінің мыңжылдығын, азат етуді қатар өткізді. Екі мерекенің бәсекелестігі католик діні мен дәстүрінің адамдардың санасына терең ықпал етіп келе жатырғандығын көрсетті. Ақырында 70-жылдардың басында коммунистер шіркеудің қоғамдағы зор ықпалын мойындады. Мемлекет пен католик шіркеуі өкілдері арасында жаңа деңгейдегі байланыстар қалыптасты. Коммунистер Ватиканмен де өзара қарым-қатынас қалыптастыра бастады. Кейбір партия қызметкерлерінің қарсылығына қарамастан, мемлекетке шегінуге, шіркеу мен есептесуге тура келді. Бұл коммунистерге билікті бір қолда шоғырландырудан айырыла бастағанын көрсетті.

Польша католиктерінің беделінің шырқауына Краков архиепископы Кардинал Кароль Войтыла 1978 жылы 16 қазанда Рим папасы болып сайлануы ықпал етті. Польша шіркеуі ең жоғары рухани билік өкілдерінен қолдау тапты. Бұл маңызды жағдай поляк ұлтына күш-қуат беріп, мәртебесін өсірді. Әрине, бұл оқиға коммунистерге шіркеудің қызметін шектеуге үлкен қолайсыздық туғызды. Ал, 1979 жылы Кароль Войтыланың Польшаға сапары поляктардың коммунизм идеологиясының негізсіздігін әйгіледі. Қаптаған адамдар шіркеуге бет бұрды, дін ұлттың басын біріктіріп, тұтас қауымдастыққа айналдыра бастады. Әрине, шіркеудің ұйымдастыру қызметінің орны бөлек. Папа сапарына билік кедергі жасай алмады, келісуге мәжбүр болды. Бірақ оның мемлекет үшін жағымсыз салдарын азайтуға тырысты, қолдарынан келгенше ақпарат бермеуге әрекеттенді, Папаның елді аралауын шектеп бақты. Сонымен бірге, Иоан Павел II ел арасындағы беделін өз мақсаттарына пайдалануға күш салады. Ол Польшадағы саяси режимді қолдайды деген насихат таратылды. Бұқаралық ақпарат құралдарында коммунистік басшылықтың Папамен кездесуі насихатталды. Бір жағынан, Папа сапары шіркеудің ішкі мәселесі десе, екінші жағынан, оның ресми маңызына назар аударылды. Польшадағы католик шіркеуінің беделі, оның ұлттың дәстүрімен, тұрмысымен байланысы социализм күйрегеннен кейін беделін тіпті асырды.

Кеңес үкіметіндегі діни ахуал өзгеше болды. Халық Комиссарлар кеңесі декретімен 1918 жылы 23 қаңтарда шіркеудің, мешіттің мемлекеттен бөлінгені туралы шешім қабылдады. Дін әр адамның жеке мүддесіне айналды. Шіркеу, мешіттерге қаржы бөлінбеді, ғимараттарды өңдеу қаржысы, діни қызметкерлердің еңбекақысы дінге сенушілердің есебінен қаржыландыратын болды. Осылай мешіттерде жәшіктер пайда болды. Діни білімге ашық тыйым салынбаса да мемлекет қолдамады. Сонымен шіркеу, мешіт ешқандай қолдаусыз қалды. Халық діннен айни бастады. Мешіт, медреселер, шіркеулер де тозды. Оларды бұзып, басқа ғимараттарға пайдаланды, қоймаларға, атқораларға айналды. Имамдар күні үшін коммунистік партияға кірді «Мен коммунистпін, бірақ құдай бар дейтін коммунистпін» дейтін имамдар көбейді. Дінмен бірге ұлттық құндылықтар мен дәстүрлерде әлсіреді.

Бүгінгі «Шынайы діншілдерміз» дегендердің айтуынша, кеңестік ислам отарлау саясатына қызмет жасады, сондықтан, саясаттың қысымымен ислам

өзгерді, табиғатынан алыстады, күшпен орыстандырылды. Кеңес заманында білім алған молдалар мен имамдар, болмаса білімі таяз, кейін дінге келгендер сол бұрмалаған исламның насихаттаушылары, бақылауда болғандар деп шет елде оқыған жас имамдар олардан бөлініп, бойларын аулақ ұстайды. Олардың өздерінің қауымдастықтары, әлеуметтік ортасы, мәжілістері, жиындары да болуы осыдан. Сонымен бірге, жас имамдар шет елдердегі мұсылмандардың күнделікті өмірімен біздің қоғамды салыстырып, бағалап, ішімдік, нашақорлық, жезөкшелік, жемқорлық пен ысырапшылдыққа жол берген біздің өмірімізді, әрине, қабылдамайды. Осыдан келіп рухани тазаруды, құтқаруды діннен іздейді. Ол дұрыс. Бірақ, үлгіні дәстүрлі ұлттық салтымыз бен дінімізден емес, «шынайы» шығыстағы араб елдерінен алады. Жаңашыл исламшылдар ұлттық және діни феномендердің қазақ ұлт болмысында ажырамастай біте қайнасып, қабысып жатырғанына, дүниетанымын ескере бермейді. Діни ой-пікір, ұстаным, дүниетаным қазақ даласында ұлттық сана-сезімге үйлесімді бейімделгені тарихтан белгілі. Біздің қоғам арабтық үлгідегі исламды әртүрлі деңгейде қабылдайды, қолдайтындары да, қолдамайтындары да бар. Ол жастар өз ұстанымдарын әке-шешелеріне де таңады. «Жас» уағыздаушылардың шектеулері, өздерін жоғары ұстауларын, ымыраға келмейтін тәртібі қалған елді бүгін ойландырып та отыр. Ұстанымдар қайшылықтары ұлттық салт-дәстүрлерімен араласып жатырған әсіресе өлікті жерлеу, ас беру, марқұмдарды есте қалдыруға арналған шаралар, үйлену, отбасы, ырым-нышандар төңірегінде жиі байқалады. Исламды «жаңаша» және дәстүрлі пайымдаудың астарында, өз орталарына ықпал жасау, бәсекелестік те жатыр. Бұрынғы имамдар билікпен тіл табысып қалған өз позицияларынан айырылғысы келмей, жастарды «уахапшылар» деп кінәлауға үйір, тіпті оларды қудалауды да қолдайтын сынай танытатындар бар. Шет елден білім алған жастар қазақ халқының рухани мұрасына, дәстүріне мән берсе ғана ортодоксалды пайымдаудан арыла бастайды.

### Дін және ұлттық дәстүр жастардың мәселесі

Елімізде 14 пен 28 жас аралығында 4483 285 жастар бар. Бес облыста жастардың саны азаюда: Ақмола, Қостанай, Қарағанды, Павлодар, Шығыс Қазақстан. Қазақстан халқы осылай қартая беретін сияқты. Жұмыс орындары көп Батыс өңірлерінде жастар саны өсуде. Атырау облысында жастар 150 мыңнан асады.

Ел халқының 70,2% мұсылмандар, ал қазақтардың 98,3% мұсылмандар. Оның ішінде 15-19 жастағылардың 78,2%, 20-24-73,2%, 25-29-70,8%, 30-34-70,8%, 35-39-71,9% мұсылмандар. Ел халқының жасы өскен сайын дінге деген салқындығы байқалады: 40 пен 44 жас аралығындағылардың 72,6% мұсылманбыз десе, кейінгі буындарда бұл көрсеткіш азая береді, 70 жастан асқандардың 41,1% мұсылманбыз деген.

Бірақ жастардың да үлкендердің де басым көпшілігінің діни наным-сенімі үстүртін, діншілдік. Діннің мазмұнынан гөрі салт жағына, сыртқы діншілдікке мән беріледі. Ол түсінікті де, себебі біз дінді терең сенімнен гөрі,

кеңес заманында шектеген салт-дәстүрімізге оралу деп қабылдадық. Үлкендердің оннан төрті «жасымыз келді, енді Алланың алдына барғанда не дейміз?» - дегендей психологияны басшылыққа алады. «Ештен кеш жақсы», дегендей оны да мақұлдау жөн. Абай айтқандай «әйтеуір жақсылыққа қылған ниеттің жамандығы жоқ қой дейміз».

Бүгінгі әлеуметтік ғылымда оны «зейнеткерлік діншілдік» немесе «зейнеткерліктің алдындағы діншілдік» («пенсионная» или «предпенсионная религиозность»). Үлкендер дінді қабылдауда тұрақтылыққа, келісімге бейімді. Ал, жастардың оннан жеті-сегізі дінге бет бұрған және олардың арасында қызығушылық, ізденіс басымырақ.

Үстүргін, діншілдік посткеңестік елдердің барлығына да тән. Ресейлік архиепископтың «много крещенных, но мало просвещенных» деуі осыдан.

Шындығында, бүгін бізде ерекше жағдай қалыптасқан. Интеллигенция негізінен зайырлы білім алған. Ал дін теориясын білетін жаңа қалыптасып келе жатқан интеллигенцияға зайырлы білім жетіспейді, ал зайырлы интеллигент дін саласынан хабардар емес. Әзірге жан-жақты білімді алаш зиялылары сияқты діни білім мен зайырлы білімді бойында жинақтаған, дінді, имандылықты, ұлтшылдықты дүниетанымының түп қазығына айналдырған интеллигент бізде бірен-саран. Бұл біздің айыбымыз емес, сорымыз, атеизмнің санада қалдырған ізі.

Сондықтан жастарға дін саласында тәлім-тәрбие беруге, жол көрсетуге әлсіз-біз. Жастарға дін саласында кімдер көбірек ықпал етеді? Ақтөбе мемлекеттік педагогикалық институтында дінтану пәні биыл үшінші жыл арнайы пән ретінде оқытылады. Жастармен пікір алмасуға мүмкіндік көп.

«Мен бала күнімде атам мен әжем санама дінді сіңірді, аят үйретті»; «менің арғы атам мен әжем намаз оқыпты, ал атам мен әжем намаз оқымайды, кейде құран оқиды, мұсылман болу керек деп аяттарды дәптерге жатқа жаздырады, осылай мен бірте-бірте дінге келдім». «Менің әке-шешем намаз оқуға тыйым салады, жат топтарға кіріп кетесің дейді, мен олардан жасырынып оқимын»; «Әке-шешем ораза ұстайды, діннен сабақ алады, тіпті араб тілін үйреніп келеді. Маған намаз оқы деп ақыл берді, мен олардан жұмақ пен тозақ туралы бірінші рет естідім», – дейді жастар.

Жастар дін туралы мәліметті достарынан алады. Олардың айтуынша, имам, молдалардың беделі төмен. Уағыздары өмірмен байланысты емес. Араб, ислам ғылымдарының көне кітаптарындағы цитаттардан аса алмайды. Ал, жастарға ізденіс тән, олар өзгерістерге, жаңалықтарға бейімді.

Кейбір қақтығыстарға қатысқан дін ұстанатын жастарды экстремист деп жатады. Ал, олар жай ғана қылмыстық істерге қатысқандар. Талай саяси партия мүшелері жемқорлыққа байланысты сотталып жатыр, бірақ партияны тұтастай жемқорлар партиясы деу дұрыс болмас. Дінді ұстанып, болмаса ерекше киініп, бірақ қылмыстық іске қатысатындарды да діни экстремист деу орынсыз. Ақтөбе облысында орын алған қақтығыстар астарында діни көзқарастардан гөрі құқық қорғау қызметкерлерінен нақты адамдардың өліміне байланысты өш алу, кек қайтарып жатыр, ал кейбір жастар өздерінің қылмыстық істерін ислам құндылықтарын қорғау деп бүркемелеуі мүмкін.

Бірқатар жастар бөтен ағымдардың ықпалына әдейі емес, кездейсоқ барып қалады, біреулердің уәдесіне сеніп, көніп ереді, бірқатары өздерін басқадан бөлек тұлға ретінде көрсету үшін топқа кіреді, сондай-ақ жастарға қиялға берілу, романтикалық көңіл-күйде тән. «Жаманшылыққа бір елігіп кеткен соң, – дейді Абай, – бойын жинап алып кетерлік қайрат қазақта кем болады. Осы жұрттың көбінің айтып жүрген мықты жігіт, ер жігіт, пысық жігіт деп ат қойып жүрген кісілерінің бәрі-пәлеге, жаманшылыққа еліртпек үшін, бірін-бірі «айда, батырлап» қыздырып алады да, артын ойлатпай, азғыратұғын сөздері». Абайдың осы сөзін жастардың назарына біздің имам, молдалар, мұғалімдер жиі салып отырса, ол шет ел ғалымдарының шығармаларынан, өзімізде шығып жатырған брошюралардан тиімді болар еді.

Дін және ұлттық дәстүр мәселесі осы екі құндылықтың қайсысы жоғары деген сауал туғызып жатады. Сөз жоқ дін мәңгілік, жалпы адамзаттық құндылық. Сонымен бірге, ислам дінін қабылдаған қазақ та, басқа да халықтар арабтанбады арабтанбайды да, Ресей қанша шоқындыруға тырысқанымен қазақтар тұтастай православ дінін қабылдамады. Қажет болған жағдайда ұлт мүддесі дін парыздарынан тіпті үстемдірек болады. Қожаберген жырау «Елім-ай» дастанында жоңғар шапқыншылығы және Ақтабан шұбырынды алмағайып заманда:

Намазды тоқтатындар, азаматым, Ұнаса менің айтқан насихатым Қожа,  
молда, имандар уақытша, Қоржынға сақтап қойсын шарифатын. Намаз оқып  
жатқанда, жаулар қырар, Атылған дәу мылтықтан доп кеп ұрар.

Мінажат қып жайнамазда отырғанда,

Сұм халхи ұстап алып, тұтқын қылар, – деп кеңес береді. Тек көңілің Аллаға  
таза болсын. Дін қай заманда да ұлтқа бейімделген, ұлттан жоғары тұрмаған,  
дін мен ұлт үйлесім тапқан.

Біздің мемлекетіміз исламға түпкі ой-пікірін ашық білдіріп, қолдап отыр. Біздегі ислам мемлекетке де шын пейілмен қарайды. «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» заңда дін мен мемлекет ара-қатынасы нақты айқындалған. Дегенмен зайырлы мемлекет болғандықтан діннің өзіндік орны, позициясы болуы шарт. Мемлекетті тұтастай қолдаған дін мемлекеттегі жастарды ойландырып жүрген жемқорлық, экологиялық проблемалар, қазақ тілі мен мәдениетіне, дәстүрлеріне байланысты шешімін әлі толық таппаған мәселелер, жұмыссыздық, басқа да проблемаларға мемлекетпен бірге дін де жауапты болады, ол діннің беделіне нұқсан келтіреді. Кейбір посткеңестік мемлекеттер де, мысалы, Ресей мен Белоруссия православ шіркеулері мен мемлекет арасында бірлесіп шешетін ортақ мәселелер төңірегінде ғана келісім бар, бірақ қажет жағдайда мемлекетті шіркеулер қолдамайтындығын ашық жариялаған. Ресей православ шіркеуі әлеуметтік, экономикалық, заң саласында өз тұжырымдарын жасады, өз төңірегіне көптеген жастарды ұйытып келеді. Қазақстанның мұсылман Дін Басқармасы өзінің патриоттық, ұлтшылдық позициясымен жастарды өз төңірегінде біріктіре алатын құндылықтар көп: ортақ тарихымыз, тіліміз, дәстүріміз, ортақ экономикамыз, бір сөзбен айтқанда Қазақстанымыз.

